



FTAMP 13.91

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-151-2-225-239>

Орта ғасырлардағы Орта Азия мен Шығыс Түркістанның ортақ тарихи байланыстары

Т.З. Қайыркен 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: kairkentz@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада ортағасырлардағы Орта Азия мен Шығыс Түркістанның тарихи-географиялық байланысы зерттеледі. Аталмыш екі аймақ ерте замандардан бері Батыс пен Шығыстың рухани-мәдени және экономикалық қарым-қатынасында айырықша рөл ойнағаны белгілі. Байырғы Жібек жолы ертеде алдымен осы аймақта тоғысып, одан соң шығыс пен батысқа қарай жалғасатын. Өз кезінде Жібек жолының әсерімен аймақтың геосаяси маңызы да арта түсті. VIII ғасырда бұл өңір Араб, Тибет және Таң империяларының таласу нүктесі болды. Бірақ, соңғы есепте, олардың қай-қайсысы да мұнда өздерінің үстемдігін орната алмады. Орта Азия мен Шығыс Түркістан ерте заманғы Ғұн, Түркі дәуірінде де, ортағасырлардағы Қарахан, Қара Қидан, Шағатай және Моғолстан хандықтары дәуірінде де аталмыш хандықтар мен қағанаттардың біртұтас саяси билігіне бағынды. Сондықтан, ол географиялық тұрғыдан да, тарихи тұрғыдан да тұтас Орта Азияның немесе бір бүтін Тұранның ажырамас бөлігі болып келді.

Мақалада ең алдымен Қарахан мемлекетінің кезіндегі қарым-қатынасқа тоқталады. Мұнда IX ғасырдың орталарында орталық Моңғолиядан келген көне ұйғыр тайпалары мен жергілікті қарлұқ, яғма тайпаларының өзара араласуы нәтижесінде Шу, Талас өңірінде жаңадан құрылған Қарахан мемлекетінің сыртқы саясатына назар аударады. Одан соң, Қарахан мемлекетінің қос астанасының бірі ретіндегі Қашқардың тарихи орнына маңыз береді. Шығыс Түркістанның Қарахан мемлекетінің құрамында дамып өркендеу тарихына, илам дінінің таралуына, тұтас Жетішахардың түркілену процессіне талдау жасайды. Бұл қараханиттер мемлекеті дәуірінде Шығыс Түркістанның оның құрамдас бөлігі болғанын дәлелдейді. Мұндай тұжырым бұған дейін қалыптасқан тарихнамалық көзқарастарға түбірінен өзгеріс әкеледі.

Түсті: 05.03.2025; Мақұлданды: 25.06.2025; Онлайн қолжетімді: 01.07.2025

Мақалада Шағатай және Моғолстан хандықтары кезіндегі Орта Азия мен Шығыс Түркістандағы саяси-экономикалық және этникалық жағдайларға талдау жасалады. Өгедей және Шағатай әулеттерінің арасындағы билік тартысы мен жергілікті дулат ақсүйектерінің хандықтың ішкі бөлігіндегі ықпалының артуы мемлекет шекарасының шығысқа және оңтүстікке қарай кеңеюіне әсер етті. Нәтижесінде Моғолстанның шығыс шекарасы Қытай қамалына дейін жетті. Ал Қашқар, Қотан, Жәркент, Ақсу, Күсән секілді ірі иеліктер мемлекеттің ішкі аймағына айналып қалды. Осынау фактілерге негізделіп автор Шығыс Түркістанның аталмыш кезеңде де тұтас Орта Азияға кеңейген Шағатай ұлысы мен Моғолстан мемлекетінің бір бөлігі болғандығын дәлелдейді.

Түйін сөздер: Орта Азия, шығыс Түркістан, тарихи-география, өзара байланыс, ортағасырлар, Қара Хандар дәуірі, Қара Қидан дәуірі, Шағатай ұлысы, Моғолстан, тарихи байланыстар, әкімшілік территория, салық саясаты, бірлікте басқару.

Кіріспе

Орта Азия мен Шығыс Түркістан ерте дәуірлерден-ақ бір-бірімен тығыз байланысты аймақ. Аталмыш екі аймақты бір-бірінен бөліп қараған жағдайда да олардың географиялық жайғасымы, жаратылыстық ерекшеліктері, ерте заманнан жаңа заманға дейін басынан кешкен оқиғалары бір бірімен симметриялы байланыста көзге түседі. Тіпті, бұл оқиғалардың себеп-салдары, қозғаушы күші, нәтижелері де бір-бірімен ұқсас болып келеді. Оның үстіне, аталмыш екі аймақтың ежелгі этностары, шаруашылық үрдістері, тіл-жазуы, рухани болмысы, діні сенімі мен дәстүр-салты бір-бірімен араласып кеткен. Жаңа және қазіргі заман тарихындағы империялардың бөліп билеуі мен мемлекеттік шекаралардың пайда болуы, геосаяси мүдделер қақтығысы кесірінен ұзақ уақыттық оқшаулану жағдайлары да аталмыш екі аймақтың тарихи-мәдени, рухани байланыстарын бөліп тастай алған жоқ. Керісінше, аймақтағы халықтардың өзінің ортақ тарихына, мәдени-рухани құндылықтарына деген қызығушылығы арта түсуде. Сондай-ақ, бүгінгі таңда халықаралық қатынастарда Орта Азияның геосаяси маңызы да күн сайын артып келеді. Бұл тенденция әлемдік қауымдастықтың аймақтың тарихы мен мәдениетіне, ежелгі жібек жолының жаңғыруы үдерісі мен бүгінгі Қытай ортаға қойып отырған «бір белдеу-бір жол» стратегиясына деген қызығушылығын оятуда. Сонымен бірге, қазіргідей мың құбылған халықаралық геосаяси жағдайда аймақаралық қатынастардың тарихын, оның бүгінгі геосаяси жағдаймен байланысын, аймақтағы діни-этникалық қал-ахуалды жете зерттеу айырықша маңызға ие. Бұл тұрғыдан Орта Азия елдері мен Шығыс Түркістанның тарихи байланысы бүгінгі таңдағы көптеген аймақаралық этникалық мәдени, діни-рухани қарым-қатынастарды тура бағамдауға көмектеседі.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұған дейін ортағасырлардағы Орта Азия мен Шығыс Түркістанның тарихи байланысы ғылымда жеке алып қарастырылмаған тақырып. Қарастырылған жағдайда да ол не Орта Азия тарихы аясында немесе ҚХР құрамындағы синьцзянның жергілікті тарихы ауқымында қарастырылған. Жоғарыда айтып өткеніміздей, аталмыш екі аймақтың тарихи байланысы сыртқы факторларға байланысты арнайы қарастырылмай келді. Себебі, Манцин империясы мен Ресей империясы бұл екі аймақты өз қарастылығына бөліп алғаннан кейін, олардың бір-бірімен байланысының сақталып қалуына мүдделі болмады. Әсіресе Кеңес Одағы кезінде шекаралас екі аймақтың дәстүрлі қарам-қатынасы үзіліп қалды. Кеңес одағы тарап Орта Азия елдері тәуелсіздік алғаннан кейін де олардың сыртқы саясаты көбінесе айналадағы ірі елдердің әсерінен шыға алмады. Мұндай жағдайда аймақтың ортақ тарихы туралы сөз ашу тіптен мүмкін болмады. Дегенмен, аймақ тарихын айқындайтын қытай, араб және парсы тіліндегі ортағасырлық дереккөздері бірсыпыра. Олардың ішінде Ата-малик Джувейнидің «Тарихи Джахан Куча» еңбегі, Мирза Мухаммад Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиі», «Си Ляо ши» (Батыс Ляо мемлекетінің ши), Ибн аль - Асирдің «Полный свод истории», Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегі, сондай-ақ, Елюй Чуцайдың «Си ю лу» (Батысқа саяхат естелігі), Угусун Чжундуанның «Бэй ши цзи» (Солтүстікке елшілік сапар естеліктері), Лю Юйдің «Си ши цзи» (Батысқа елшілік сапар естеліктері), «Чанчунь Чжэньжэнь си юй цзти» (Чанчунь Чжэньжэньнің батысқа саяхат естелігі), Чэнь чэннің «Сиюй фаньгочжи» (Батыс өлкедегі жат елдердің жағдайы) және «Сиюй синчэн цзи» (Батыс өлкеге баратын жолдар туралы естеліктер) секілді жолжазба естеліктері дереккөзі ретінде қаралды және пайдаланылды. Одан бөлек В.В. Бартольд, Е.А. Давидович, Р. Груссе, E.Bretschneider, Цын Чжунмянь, Су Бэйхай, К.А.Wittfogel, Ван Чжилай секілді ғалымдардың зерттеу еңбектері қаралды және пайдаланылды.

Орта Азия мен Шығыс Түркістанның ортағасырлардағы тарихи байланысын ашуда деректанулық және тарихи-географиялық талдау мен тарихнамлық сараптама әдістері қолданылды. Ол үшін әлемдік тарихнамалық концепциялар, теориялық пайымдар айырықша маңызға ие. Бұл ретте ұлт пен этнос, тарихи территория және қазіргі шекаралар факторы, сондай-ақ олардың өзара байланысын реттеу проблемасы алдан шығады. Мақалада тарихи деректерге және өзге де ғалымдардың зерттеу материалдарына, пікірлеріне сүйене отырып, аймақтың нақты тарихи болмысын ашуға көңіл бөлінді. Мәселеге аймақ елдерінің бүгінгі саяси ұстанымдары тұрғысынан емес таза тарихи фактілер тұрғысынан қаралды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Бұдан бұрын біз Орта Азия мен Шығыс Түркістанның біртұтас этно-мәдени және тарихи-географиялық кеңістікте жатқаны туралы теориялық тұрғыдан жеткілікті деңгейде дәлелдеген болатынбыз. Онда біз ерте заманғы өзара қарым-қатынастарға көбірек тоқталған едік. Төменде біз ортағасырлардағы аталмыш екі аймақтың қарым-

қатынасына арнайы тоқталатын боламыз. Демек, хронологиялық тұрғыдан бұл жолы біз осы екі аймақты бір тұтас кеңістік ретінде біріктірген ортағасыр кезеңіндегі оқиғаларға сараптама жасайтын боламыз. Бұл көптеген тарихи өзгерістерге негіз болған ортағасырлық Қарахан, Қара Қидан және Шағатай хандықтары.

1) Қарахан дәуіріндегі бірыңғай билік.

Біздің заманымыздың 999 жылы Орта Азиядағы ең соңғы ирандық патшалық Самани мемлекеті солтүстіктен келген түркілер тарапынан жойылды. Осыдан соң парсылардың Орта Азиядағы үстемдігі түбегейлі аяқталды. Керісінше, XI ғасырдың бас кезінде орта Азияда түріктер құрған Қарахан мемлекеті, Ғазнауилер мемлекеті және Салжұктер мемлекеті сынды үш бірдей түркілік мемлекет үстемдік етті. Осы үш мемлекеттің кезінде Мауреннахр мен Қашқариядағы үнді-ирандық халықтар біртіндеп түркіленді. Солардың ішінде түркілік тіл мен дәстүрді қабылдамаған ариандар Памир тауларына қуып жіберілді. Олар кейінгі тәжіктерге айналды. Осылайша Мауреннахр Түркістан, ал Қашқария Шығыс Түркістан деп аталды.

Қарахан мемлекеті өз кезінде Самани мемлекетінің шығысында қазіргі Шығыс Түркістан мен Жетісуда, Шу-Талас өлкесінде жасайтын Түркі тайпалары тарапынан құрылған еді. «Қарахан» атауын XIX ғасырда орыс шығыстанушысы Г.В. Григорьев қойған [1]. Әйтпесе, олар өздерін бұрындары Афрасиаб мемлекеті деп атаған. Олардың өздерін бұлай атауының да өзіндік себебі бар болатын. Өйткені Афрасиаб Ежелгі Тұран батыры Алып Ертоңаның басқаша аталуы. Тұран өлкесінің әйгілі батыры Алып Ертоңаны ұлы ақын (Фердауси) өз дастанында Афрасиаб деп атайды. Ол да өз заманында «*күшті*», «*алып*» деген мағынаны берген [2, 22].

Қара хан мемлекетін IX ғасырдың үшінші ширегінде Орта Азияға қарай кеңейген Орхон түріктері (оғыздар) мен жергілікті яғма, қарлұқ этностары құрды. Айтуларға қарағанда оның бірінші ханы қарлұқ жетекшісі Білге Көл Қадыр хан болған. Ол Шу бойында алғаш Қара хан мемлекетінің іргесін қалаған соң, бірден Мауреннахрдегі Самани әулетімен қақтығысқа түсті. Ол өлген соң, артында екі ұлы қалды: үлкен ұлының аты Базир Арсылан хан болып, әкесінің орынтағын иеледі әрі ордасы Баласағұнда болды. Екінші ұлы Оғұлшах Қадыр кіші хан мәртебесімен Тараз өлкесін билеп тұрды. Кейін ол саманилерге өнімді соққы жасау үшін Қашқарды басып алып, ордасын сонда көшірді және Кіші хан мәртебесімен Қашқарды билеп тұрды. Сөйтіп, ол 904 жылы саманилер иелігіне шабуыл жасады [3.] Осылайша X ғасырдың бас кезінде Қара хан мемлекетінің екі астанасы әлемге әйгілі болды. Оның бірі Баласағұн, енді бірі Қашқар.

Оғұлшах Қадыр хан Саманилердің ханы Сымайылмен замандас болғандықтан ұдайы Саманилердің ішкі қырқысын пайдаланып, өзіне қашып келген Самани патшасының ұлы Насырды қанат астына алып, оны Қашқардың сотүстігіндегі Атұшқа қоныстандырды. Дәл осы адам ислам дінінің қараханиттерге, сол арқылы Шығыс Түркістанға таралуында айырықша рөл ойнады. Оғұлшақтың немересі мен Вазирдің ұлы Сатұқ Боғра хан (Абдұл Керім) оның ықпалымен ислам дінін қабылдады. Кейін келе, Шығыс Түркістан мен Орта Азияға үстемдік еткен Қара хан әулеттерінің барлығы дерлік осы аталған Сатұқ боғра ханның әулетінен шықты [4, 77]. 960 жылы Сатұқ Боғра ханның үлкен ұлы Байташ Мұсаның кезінде Қара хан мемлекетінде 200 мың көк түрік әулеті илам дініне кірді.

Содан бастап Қара хан әулеті Қотанды бағындыруға бағытталған ғазат жорықтарын бастады. Мұсаның ұлы Әли сол жорықтардың бірінде қаза тапты. Қотандық үнділер будда дінін ұстанатындықтан 40 жылға созылған қарсылықтан соң, ақыры жеңіліп, XI ғасырдың басында ислам дінін қабылдауға мәжбүр болды әрі біртіндеп түркіленді.

Қараханиттер ислам дінін қабылдағанмен, көне түркілердің ел басқару дәстүрін сақтап қалды. Бұл олардың ел басқару үрдісіндегі «қос хандық жүйесінен» көрініс тапты. Олар тұтас қараханиттер билеген жерлерді екі бөлікке бөліп, хан әулетіндегі мұрагерлердің үлкен-кішілігіне қарай мемлекетті екіге бөліп басқарды. Үлкен ұл ұлы хан мәртебесіне ие болып, Арсылан Қара хан деп аталды. Ол хандықтың ең үлкен билеушісі болып елдің «Қара ордасы» атанған Баласағұнда тұрды. Одан кейінгі ұл Кіші хан мәртебесінде болып, Боғра Қара хан деп аталды. Кіші ханның астанасы алғашында Таразда болып, кейін Қашқарға көшірілді.

Аталған ең жоғарғы екі ханнан басқа тағы да бірінші, екінші деңгейдегі қолбасылар бар болып, олардың Илек және Тегін делінген атақтары болды. Олар әр екі тарапта Арсылан Илек, Боғра Илек; Арсылан тегін, Боғра тегін деп аталды. Қарахан әулетінің уәзірлері Білге, Еркін, Көл Еркін, Санғұн, Инанч бек секілді атақтарға ие болды.

Саманилер мемлекетін құлатқаннан кейін Қарахан мемлекетінің территориясы шығыста Тянь-Шань тауының екі қапталындағы Шығыс Түркістанды, батыста тұтас жоғарғы Мауреннахр аймағын қамтып жатты. Бұл кезде Хорезм оның аумағына кірмеді. Мауреннахрдың оңтүстігінде Әму дәрия арқылы Ғазнавилер мемлекетімен шекараласты. 1006 жылы Ғазнавилер сұлтаны Махмұт Үндістанға жорық жасаған кезде Қарахан мемлекеті әскер жіберіп олардан Нишапор мен Балхты тартып алды. Бірақ Сатұқ боғра ханның шөбересі Ілік Насыр ол жерлерді ұстап тұра алмады. 1008 жылы Балх маңында болған піл соғысында түбегейлі жеңілді. Сөйтіп Қарахан мемлекетінің Әмударияның оңтүстігін жаулап алу арманы түбегейлі күйреді.

XI ғасырдың басында Шығыс Түркістан мен Жетісуды Ілік Насырдың ағасы, Әлидің ұлы Ахмад (Туған хан) билеп тұрды. Онымен Қотанды билеп тұрған Боғра хан Харунның баласы Қадыр хан Жүсіп бәсекелес болды. 1005 жылы Қадыр хан Жүсіп Қашқардан Туған ханды қуып шығып қаланы өзіне қаратып алады [5, 70-71].

Осы кезде Шығыс Түркістан мен Жетісуға шығыстан қатер төне бастайды. Утбидің жазуыншахижыра 408 жылы (1017/1018 жж.) 10 мың бөгде діндегі көшпенділер Жетісуға басып кіріп, Баласағұнға 8 күндік жол ғана қалды. Сол кезде Қара хан мемлекетінің бас ханы Ахмад (Туған) әскер бастап шығып оларға қарсы тұрды. Олармен соғысып, үш айдан соң жеңіске жетті [6]. Э. Брешнейдер бұл келген бөгде дінділерді шығыстағы ұйғырлар десе [7], Р. Груссе оларды сенімді түрде қара қидандар деп көрсетті [8, 146]. Ахмад 1018 жылы Баласағұнға қайтып келіп қайтыс болды.

Ахмад қайтыс болғаннан кейін, оның үшінші інісі Мансұр Қара хан мемлекетінің бас ханы болды. Алайда Қашқар мен Қотанның билеушісі, Хасан әулетіне тән кіші хан Жүсүп Қадыр хан болса Мансұрдың ұлы хандық мәртебесін мойындамай өзін ұлы хан деп жариялады. Жүсіптің қысымына шыдамаған Мансұр 1024 жылы ұлы хандық мәртебесінен бас тартып, Жүсіп қара хан мемлекетінің бас ханы (1024-1032) болды. 1032 жылы Жүсіп Қадыр хан қайтыс болған соң, інісі Али тегін өзін табғаш Боғра Қара

хан деп жариялады. Дегенмен, оның билігі де ұзаққа бармады. 1034 жылы ол қайтыс болған соң, үлкен ұлы Юсүп таққа отырды.

Дәл осы кезде бұрынғы Али әулеті қайта күшейді. Али әулетіне тән Ілік насырдың үлкен ұлы Мұхамед Айн Дола мен екінші ұлы Ибрахим (Бел тегін) Мауреннахрды басып алды. Мұхамед айн Дола өзін ұлы хан, Бел тегін өзін кіші хан деп жариялады. Дәл осы жағдайдан кейін Қарахан мемлекеті екіге бөлінді. Жүсіп Қадыр ханның немересі Юсүп Шығыс Түркістанға қашып кетті. Мауреннахрдегі Али әулеті енді қайтып Хасан әулетінен (*Сатұқ Боғра ханның кейінгі ұрпақтары, яғни оның үлкен ұлы Байташ Мұсаның ұлы Алидің ұрпақтары Али әулеті (жүйесі), екінші ұлы Сүлейменнің ұлы Хасанның ұрпақтары Хасан әулеті (жүйесі) болып аталады-авт.*) тараған Қарахан билеушілерінің билік құзіретін мойындамайтын болды. Мемлекет шығыс және батыс қарахан әулеті делінетін екі бөлікке ресми бөлінді.

Сол кезде Жетісу мен Шығыс Түркістан хандықтың шығыс иелігіне, Мауреннахр батыс иелігіне кірді. Шығыс иелігінің саяси орталығы Баласағұн (қара Орда) мен Қашқарда болса, батыс иелігінің астанасы алдымен Үзкент, кейін Самарқан болды. Екі иелік кейін келе жеке-жеке мемлекетке- Шығыс және батыс қағанаттарға бөлінді [9].

Бұл жағдайлар, Қара хан мемлекеті өз ықпалын Орта Азия мен Шығыс Түркістанға бірдей жүргізгендігін, Шығыс Түркістанның Қашқар және Қотан қалаларының Қара хан мемлекетінің саяси өмірінде айырықша рөл ойнағандығын көрсетеді. «Шығыс Қара хан мемлекетінің территориясы Жетісу аймағы, Іле аңғары, Қашқар, Яркен, Қотан, Ақсу және Күсәннің батысына дейін қамтып, батыс жағы Ферғананың шығысына дейін созылып жатты» [10, 91].

2) Қара Қидан үстемдігіндегі қос аймақ

Орта Азияда Селжұқ мемлекеті гүлденген кезде, оның ішкі бөлігінен Хорезм мемлекеті пайда болды. Селжұқ мемлекеті әлсіреп, Хорезм мемлекеті күн сайын күшейген кезде Оңтүстік Моңғол үстіртінен шыққан қара қидандар Жетісудың солтүстік-шығыс бағытынан келіп ірге тепті. Сол кезде Памирдің шығысы мен батысында әлі де болса сақталып тұрған Қарахан мемлекетінің екі бөлігі, сондай-ақ, өзге де этностар, кіші-гірім мемлекеттер түгелімен бұрын-соңды оның үстемдігін қабылдады. Ең соңында Хорезм мемлекеті де амалсыздан оған салық төлеп тұруға мәжбүр болды. Орта Азиядағы түрлі этностар, мұсылмандар барлығы дерлік жаңадан пайда болған бұл билеушіні және олар құрған мемлекетті Қара Қидан деп атады. Ал Қытай тарихнамасында бұл Батыс Ляо әулеті деп аталды.

Қара қидандардың не себепті өздерінің ата қонысын тәрк етіп Орта Азияға келгені жұртқа белгілі жай. Біз тек олардың билігі кезінде Орта Азия мен Шығыс Түркістанның байланысы туралы тоқталмақпыз. Қара қидандардың Орта Азияда елдік құруы Орта Азия және дүниежүзі тарихы үшін аса маңызды оқиға болды. 1141 жылғы Катуан шайқасы Орта Азияда Қидан үстемдігін бекіткен шешуші шайқас болды. Сол кезден бастап, 1160-1170 жылдар аралығында И Ле мен Пу Сувань секілді билеушілердің билік басында болған кезінде Қидан елінің аумағы мейлінше кеңейді. Бір шеті сонау Қытайдың солтүстігіндегі аймақтарға дейін жетті. Қидандарды Орта Азияға бастап келген Елюй Даши 1124 жылы өзін хан деп атаған кезден бастап, 1156 жылға дейін, Тоғла өзенінен

Мауреннахрге дейін Қидан билігінде болды. Қара Қиданның ең солтүстік-шығыс шеті Кем-кемжіттен, яғни, Енисей өзенінің жоғарғы ағысындағы Таңну-Ұраңхай ойпатынан Алтай таулы аймағына дейін қамтып жатты. Елюй Даши астанасын Баласағұнда құрған соң, «сахиаларын Кем-кемжіттен Барысханға, Таластан Яфинишке дейінгі жерлерге жіберді» [11]. Яғни, Кем-кемжіт дуанына тездетіп сахинасын жіберіп, қырғыздардың қимылын бақылауға алды. Сөйтіп, қиыр шеті Кем-кемжіттен Баласағұнға дейінгі кең-байтақ қыр өлкесі түгелдей қидандардың өріс-қонысы болды. Сондықтан В.В.Бартольд: «Катуан шайқасынан соң, Қара қидан империясының жерінің солтүстігі Қырғыздардан (Енисей өзені), оңтүстігі Балқашқа, батысы Хорезмге, шығысы Ұйғыр мемлекетіне дейін жетті [12],-дейді. С. Edmund Bosworth те «Ислам энциклопедиясының» жаңа нұсқасына жазған «Қара қидан» мақаласында да осындай көзқарасын баяндайды: Қара Қидан билеген аймақтың солтүстігі Қырғыздармен шекаралас болса, оңтүстігі Балыққа (1165 жылдары жаулаған), батысы Хорезмнен Шығыс Түркістанның Ұйғырлар аймағына дейін созылып жатты [13] дейді ол. Бұл жерде қырғыздармен шекараласады дегені дұрыс. Себебі «Ляо тарихында» қара қидандардың Қырғыз елін жаулағаны туралы деректер кездеспейді.

Қара қидан мемлекетінің шығыс территориясына Идіқұт ұйғырлары кіреді. Ендеше, бұлхандықтың шығыс шекарасы Қиданның да шығыс шекарасы болып табылады. Идіқұт ұйғырларының шығыс жағы таңғұтдармен шекаралас, яғни бүгінгі Құмыл, Баркөл, Үбір, Лобнор өңірлері Идіқұт ұйғырларының аймағы болған. Олар Бәйтік тауының солтүстігі арқылы Найман тайпасымен шекаралас болса, Лобнордың оңтүстігі арқылы Қарахан мемлекетінің шығысына жалғасып жататын. Сол кезде, Сун патшалығы мен Қарахан мемлекетінің арасында елшілік қарым-қатынас жиі болып тұрды. Сун патшалығы Қарахан мемлекетімен одақтасып, шен-шекпен беріп, оларды Батыс Сяға (таңғұтқа) соққы беруде пайдаланбақ болды. Сондықтан, «Сун патшалығының маңызды деректерінде»: «1097 жылы қараханиттер әскер бастап келіп Ганьчжоу, Шачжоу, Сучжоу сынды үш аймаққа басып кірді» (宋会要辑稿), – делінеді. Бұдан Шығыс Қарахан мемлекеті Таңғұттың Шачжоу аймағымен шекаралас екенін, олардың шекарасы бүгінгі Чарқылық пен Дуньхуан арасындағы шөл дала болғанын көреміз.

Қиданның оңтүстігіндегі шекарасы бұрынғы Шығыс, Батыс Қарахан мемлекеттерінің шекарасы болды, себебі бұл екі мемлекеттің екеуі де кейін келе Қиданға тәуелді болған еді. Ал Шығыс Қарахан мемлекетінің оңтүстік шекарасы Памир үстірті, Қара Қорым, Алтын тау және Тибет, Ганьчжоу Ұйғыр мемлекетімен шекараласып жатты.

Ал Батыс Қарахан мемлекетінің оңтүстік шеті негізінен Әму дәрияны шекара етіп, селжүктермен көрші тұрды, кейін Гур әулетімен (Гур әулеті (Sulala Ghuriyya 谷尔王朝)– XII-XIII ғасырларда түріктер Ауғанстан мен үндістанның солтүстігінде құрған ислам мемлекеті (1148-1215). Қытай деректерінде оны Гуэр патшалығы (廓尔朝) деп атайды) көрші болды. Қара қидан мемлекеті де осы шекараны сақтады. Алайда, кей кездері Әму дәриядан өтіп, оның оңтүстігіндегі аймақтарды да бағындырып алып отырды, мысалы, 1141 жылы Катуан шайқасынан кейін, Селжүк күштері Мауреннахрдан шегінді, сонымен қатар, олардың Әму дәрияның оңтүстігіндегі Хорасан аймағындағы күш-құдіреті де күн сайын әлсіреді. Сол кезде қидандар Балхты да жаулап алды. Сол себептен, Ибн

әл-Асир: «Балхтың билеушісі жыл сайын Мауреннахрдағы қидандарға жер салығын төлеп тұрды» [14, 69] дейді. Мұсылман жыл есебі бойынша 594 жылы (1197-1198) Гур патшалығы күшейген соң, Балхты қайтарып алды. Осы кезде ғана олар Қара қидан патшалығына салық төлеуін тоқтатты.

Бұдан бұрын «Балх әлде бір Түрік ханзадасына тәуелді болып еді, ол ханзада Қара қиданның билеуінде тұрды» [15, 93]. Бұдан біз 1165-1198 жылдар аралығында Балхтың Қара қиданға тиесілі аймақ болғанын көреміз.

Қара қиданның тура батысы Хорезм аймағын қамтиды, кей ғалымдар Хорезмді Қара қиданнан тәуелсіз болған дейді [16, 118]; [17, 28]. Дегенмен, бұл тарихи фактіге үйлеспейді. Себебі, 1141-1211 жылдар аралығындағы 70 неше жылда Хорезм негізінен Қара қиданға салық төлеп келді. Мұның арасындағы қысқа мерзімде Салжүктерге де салық төледі. Сол себептен, В.В. Бартольд: «Бұхараның дін басшысы аз уақытқа ғана билікті өз қолына алды, әрі Қара Қиданға салық төлеу құзіретіне ие болды»-дейді [18, 51]. Яғни, В.В.Бартольд Хорезмді Қара қиданға тәуелді елдер қатарына қосады. Демек, салық саясаты Қара Қидан мемлекетінің басты саясаты болды. «Қара Қиданның өзіне қарасты елдерге қаратылған егемендігі ең әуелі қаржы мәселесінен байқалатын»[19]. Кімде кім оған салық төлемесе қатаң жазаланатын. Бұл саясат Орта Азия мен Шығыс Түркістандағы барлық елдерге бірдей қолданылды. Бұл Қара хан мемлекетінің Мауреннахр мен Шығыс Түркістанды бөліп-жармай біртұтас басқарғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, біз Қара қидандардың шет-шекарасы ең кеңейген кездері солтүстік-шығысы Тоғла өзені, шығысы Қытай қамалы, батысы Арал теңізі, солтүстігі Алтай тауы, оңтүстігі Хиндұхұш және Қара-қорым тауларымен шектесіп жатқанын көреміз. Кейін келе, біраз өзгерістер орын алса да, оның шет-шекарасы негізінен шығысы Шығыс Түркістан шегіндегі Үбірге, батысы Арал теңізіне, солтүстігі Алтай тауы мен Зайсан көліне, Балқаш көлінің солтүстігін бойлап Сыр дәрияның төменгі ағысына, оңтүстігі Хиндукуш, Қара-Қорым, Алтын тауға дейін жететін кең аумақты алып жатты.

3) Шағатай және Моғолстан мемлекеті кезіндегі Шығыс Түркістан

Қара Қидан мемлекеті Шыңғыс жорығы кезінде түбегейлі жойылды. Бұдан соң Жетісу мен Шығыс Түркістан Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайға бөліп берілді. Шағатай мен Өгедейдің иеліктері Орта Азияның нағыз ислам дінді аймақтары болды. А. Джувеини: Шағатайдың иелігіндегі жерлер ұйғырлар аймағынан бастап, Самарқанд пен Бұхараға дейін жетеді. Оның өз тұрағы Алмалықтағы Құяс деген жер болды. Ханзада Өгедайдың орда-тұрағы әкесі дүйім дүниені билеп тұрған кездегі оның Еміл мен Қобықтағы жұртында болды. Дегенмен, ол өзі таққа отырған соң, ордасын Қара Қидан мен Ұйғыр жерінің аралығындағы иеліктеріне қарай көшірді әрі өзінің басқа иеліктерін ұлы Күйікке сыйлады [11, 45-46],-дейді. Бұл туралы Томас Алсен де Шағатайдың ең алғашқы иелігі Ұйғыр шекарасынан (Huded) Самарқан жеріндегі Бұхараға дейін созылып жатыр» [20],-дейді. В.В. Бартольд: «Шағатайдың иелігі Ұйғыр жерінен Самарқанд пен Бұхараға, Алтай тауының күнгейінен Әму дарияға дейін жетеді» [21, 58],-дейді. Демек, сол кездегі Шағатай хандығының иелігі Тұрфан мен Бесбалықтың батысынан Мауреннахрге дейінгі ұлан-байтақ алқаптар болған. Жетісудың солтүстігі Жошы ұлысына тән болды. Тарбағатай тауының оңтүстігіндегі Еміл өзені бойынан шығысқа қарай Қобықсары

ойпаты арқылы Алтай тауының күнгейіне, одан ары Қобдаға дейін Өгедейдің иелігі болды. Демек, сол кезде Жошы, Шағатай және Өгедей хандардың жері бір-бірімен шекараласып жатты.

1260 жылдан соң, Шыңғыс әулеті билікке таласып, Орта Азия мен Шығыс Түркістанда бұрынды-соңды Арықбұға, Хайду, Барақ-Дуваның бүлігі орын алды. Бірнеше он жылдан кейін, олардың бұдан ары соғысуға күш-қуаты қалмады. 1307 жылы Дува Алмалық маңындағы Құяс жайлауында құрылтай ашып, Өгедей тұқымынан шыққан Чабарды тағынан тайдырды [22]. Осыдан соң Өгедей хандығы өмір сүруін тоқтатты. Бұрындары Өгедей хандығына тиесілі болып келген жерлердің бәрі Шағатай хандығына қарады. Сөйтіп, Шағатай хандығының территориясы Орта Азиядағы Тарым ойпаты секілді көгалды егіншілік аймақтарын, Сыр, Әму дәриялары аралығындағы Мауреннахр аймағын, сонымен бірге, Жоңғар ойпаты, Балқаш көлінің шығысы мен оңтүстігі секілді Орта Азиядағы ең ауқымды және құнарлы жайылымдарды қамтып жатты (1-сурет).

1-сурет. Карта. Моғолстан және Шығыс Түркістан



Бұл кезде Мауреннахрды жаулап алған моңғолдар жергілікті отырықшы – егінші және қала дәстүрлерінің ықпалымен жағдайға бейімделіп, отырықшылыққа ауысты. Ал, Жетісуда қалған моңғолдар мұнда да едәуір дәрежеде түріктенгенімен, негізінен көшпенді тұрмысын сақтап қалды. Ол былай тұрсын, жергілікті халықтың егіншілері мен жартылай көшпенділерінің біразы көшпенді тұрмыс салтына көше бастады [23].

Кейін Дуваның ұлы Есен-бұға (Алғашқы Есен-Бұға) таққа шыққан соң, ордасын Іледегі Алмалыққа тікті, әрі өз иелігін Шығыс Шағатай хандығы деп атады. Оның қоластына Балқаш көлінің шығысындағы Жетісу аймағы, Жоңғар ойпаты, солтүстігінде Ертіс бойына дейінгі ұлан-ғайыр жайылымды алқаптар, сондай-ақ, Ыстықкөлдің шығысы,

Қарашәрінің (Янци) батысындағы Тарым ойпатының көгалды алқаптары кірді. Сол кезде Тұрфанның батысынан Ферғананың батысына, солтүстікте Ыстықкөлге, шығыста Қашқар мен Яркенге, Қотанға дейінгі аймақтар тұтасымен Маңғылай-сүбе (күнгей, күнгей өлкелер) деп аталатын. Шағатай өмірінің соңғы кезінде, осы жерлерге үстемдік орнату үшін, оны дулат ақсүйегі Ұртүбке сыйлаған еді. Нәтижесінде, көптеген дулат ақсүйектері Тянь-Шаньның оңтүстігіндегі Тарым алқабына барып қоныстанды. Есен-бұға Алмалықта Шығыс Шағатай хандығын қайта құрумен айналысып жатқан кезде, Тянь-Шаньның оңтүстігіндегі дулаттар Болатшы бастаған және Тулақ бастаған екі тармаққа бөлінді. Ақсуды орталық етіп, шығыста Тұрфан ойпатына, батыста Ыстықкөлге, оңтүстік-батыста Маралбасыға (Башу) дейінгі жерлер Болатшы әулетіне тиесілі болса, Қашқарды орталық етіп, шығыста Чәршенге, Қотанға, Ерчанге, батыста Ферғананың батыс бөлігіне, оңтүстікте Қарақұрым тауы мен Бадақшанға дейінгі жерлер Тулақ әулетіне қарап тұрды. Есен-бұға Моғолстанның бірінші ханы болғаннан кейін, Тянь-Шань тауының күнгейіндегі жерлер жалғасты түрде Дулат ақсүйектерінің басқаруына берілді [24].

Моғолстан қорғауындағы дулаттар билігі Шығыс Түркістанда ұзаққа жалғасты. Мырза Мұхамет Хайдар Дулати ол туралы былай дейді: «Шағатай өз мемлекетін бөлгенде ол әмір Болатшының атасы Өртөбеге (Өрте-бараққа) Маңғылай сүмені берді.... Оның шығыс шекарасы Күсән (Куча) мен Тарбүкір, батыс шекарасы Шаш (Тәшкент), солтүстік шекарасы Ыстықкөл, ал, оңтүстігі Жарқан мен Сары ұйғыр. Әмір Болатшы билеген осы аталған күллі аумақ ішіндегі ең үлкендері: Қашқар, Қотан, Жәркент, Қашан, Ақшыкент, Әндіжан, Ақсу, Атбасы, Күсән. Осы қалалардың ішінен әмір Болатшы Ақсуды өзінің ордасы етіп таңдап алды» [25] дейді.

Демек, Моғолстан билігі кезінде Қашқария (Жетішахар) жері оның құрамдас бөлігі болып, қазақтың дулат тайпасынан шыққан әмірлер оны тұрақты басқарып отырды. Бұл өз кезегінде Шығыс Түркістанның Қазақ жерінде құрылған Шағатай әулетінің немесе кейінгі Моғолстан мемлекетінің құзырында болғанын дәлелдейді.

Тарихи деректер мен ғылыми зерттеулерді сараптай келе біз мынандай бірнеше нәтижеге қол жеткіздік:

Біріншіден, Орта Азия мен Шығыс Түркістанның тарихи байланысы мәселесін күнтіртібіне алып шықтық. Бұрындары мүлде қозғалмаған және ескерусіз жатқан тақырыпты қозғау арқылы аймақ тарихын зерделеудің жаңа бағытын айқындадық;

Екіншіден, тұтас ортағасырлар кезеңінде Орта Азия мен Шығыс Түркістанның екі аймаққа да ортақ бірыңғай тарихи процесстер аясында ортақ дамығанын дәлелдедік. Бұл процесстер Қара хан, Қара Қидан, Шағатай және Моғолстан хандықтары кезіндегі әскери-әкімшілік басқару моделі аясында жүріп жатты;

Үшіншіден, екі аймаққа да ортақ тарихи процесстерге негіз болған Қара хан, Қара Қидан, Шағатай және Моғолстан хандықтарының тек аймақты ғана емес, одан да ауқымды жерлерді қанат астына алған әлемдік маңызға ие ірі держава (саяси құрылым) болғанын көрсете алдық.

Қорытынды

Жоғарыда біз ортағасырларда Қазақстанның оңтүстігінде және оңтүстік – шығысында құрылған Қара хан, Қара қидан, Шағатай және Моғолстан мемлекеттерінің кезіндегі Орта Азия мен Шығыс Түркістанның тарихи байланысына тоқталып, аталмыш үш хандықтың кезінде де олардың бір тұтас этно-мәдени және саяси кеңістікте өмір сүргенін дәлелдеуге тырыстық. Сондай-ақ, шағын зерттеулер арқылы бұл бірегейліктің ғасырлар қойнауынан бастау алған дәстүрлі қарым-қатынастырдың жалғасы екенін көрсете алдық. Бұл әрине осы бағыттағы терең зерттеулердің бастамасы ғана. Алдағы жерде бұл мәселені тіпті де тереңдей қарастырудың мән-маңызы айырықша. Ол аймақтағы халықтардың өзінің этникалық қайнарын, өздері өмір сүріп отырған өңірдің өзге әлеммен байланысын, дәстүрлі қарым-қатынастардың тарихын тереңнен тануына көмектеседі. Мұндай зерттеулер аймақ тарихына қатысты қалыптасқан қасаң көзқарастарды өзгертуге қызмет етеді.

Алғыс білдіру, мүдделер қақтығысы

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882416 «Орталық Азияның тарихи географиясы» атты бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру жобасын іске асыру аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Bernard Lewis. The Emergence of Modern Turkey. 2nd Edition. – London: Oxford university press, 1968. – 544 p.
2. Kelimbetov N. Türk halklarının Ortak Edebi Eserleri. Çeviren A.Kara. –Istanbul, 2010. – 388 s.
3. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. /Сочинение. Т. I. - М.: Наука, 1963. – 315. с.
4. East Turkistan to the twelfth century : a brief political survey. – London: The Hague: Mouton, 1964. – 104 p.
5. Давидович Е.А. Нумизматические заметки (Караханиды, Чингиз-хан, Шейбаниды) // Известия ООН АН Тадж ССР. – 1968. – №3. – С. 70-71.
6. Ал-Манини. Шарх ал-ямини ал-муссама би-л-фатх ал-вахби ала тарих Абу Наср ал-Утби. II. – Каир, 1898. - 220 с.
7. Bretschneider E. Mediaeval Researches From Eastern Asiatic Sources. Vol. 1. – London: Routledge, Kegan Paul, 1967. - 253 p.
8. Grousset R. Empire of the Steppes - History of Central Asia. – New Jersey, 1970. – 715 p.
9. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. I том. – Алматы: Атамұр, 2010. – 541 б.
10. Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы. Ерте заманнан XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін. Қазақ ұлтының дамуы. II т. Ауд. Т.З. Қайыркен. – Алматы: Асыл кітап, 2019. - 744 б.
11. Джувейни А.М. 志费尼著, 何高济译. Тарих и джахан куча 世界征服者史. I т., 上册. Кокход. 内蒙古人民出版社. 1981. – 418 б.
12. Бартольд В.В. Сочинения (Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов). Vт. – М., 1968. – 544 с.

13. The Encyclopedia of Islam. New edition. IV. – Leiden: Brill, 1976. – 581 p.
14. Ибн аль - Асир. Полный свод истории. С. Торнберг нұсқасы. XII т. // Материалы по истории киргизов и Киргизии. Т I. – М., 1973. – 69 с.
15. Дэн Жуйлин. 邓锐龄. Батыс Ляо мемлекетінің шекаралары туралы 西辽疆域浅释 // Ұлттарды зерттеу 民族研究. – 1980. - 第 2期. – Б. 86-98.
16. Цын Чжун мянь. 岑仲勉. 西辽史书所见//金陵学报. 1935. 第4卷. 第 2期; - Б. 106-121.
17. Чжао Лишэн. 赵俪生. Батыс Ляо тарихы туралы жаңа дәйектер 西辽史新证 // Гуманитарлық ғылым фронты 社会科学战线. – 1978. - (4). – Б. 21-32.
18. Бартольд В.В. Сочинения. Том 2. Часть 2. Работы по отдельным проблемам истории Средней Азии. – М., 1964. – 51 с.
19. Wittfogel K.A. Feng Jiasheng. History of Chinese Society – Liao). - Philadelphia, 1949. – 666 p.
20. Allsen, Thomas T. “The Yuan Dynasty and the Uighurs of Turfan in the 13th Century.” In China among Equals: The Middle Kingdom and Its Neighbors, 10th-14th Centuries, ed. Morris Rossabi. - Berkeley: University of California Press, 1983. - 249 p.
21. Бартольд В.В. 巴尔托里德著. 赵俪生译. Моңғол Шағатай хандығының қысқаша тарихы 蒙古察合台汗国简史// Жетісу тарихы. 七河史. Ланьчжоу университеті тарих факультеті баспасы. 兰州大学历史系油印本. - 1974. – 72. - 58 б.
22. Ван Чжилай. 王治来. Орта Азия тарихы. Ерте заман бөлігі. 中亚通史. 古代卷. II том. II т. - Үрімжі. 乌鲁木齐, 2004. – 577 б.
23. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. II том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 637 б.
24. Мирза Мухаммад Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Перевод с персидского А.Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. – Ташкент, 1996. - 26 с.
25. Акимушкин О.Ф. Хронология правительств восточной части чагатайского улуса // Восточной Туркестан и Средняя Азия. - М., 1984. – С. 156-157.

Т.З. Қайыркен

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Некоторые взгляды на общую историю средневековой Средней Азии и Восточного Туркестана

Аннотация. В статье рассматриваются историко-географические связи Средней Азии и Восточного Туркестана в средневеках. Известно, что эти два региона с древних времен играли особую роль в духовных, культурных и экономических отношениях между Западом и Востоком. Древний Шелковый путь впервые пересекался в этом регионе в прошлом, а затем продолжался на восток и запад. В свое время геополитическое значение региона также возросло за счет влияния Шелкового пути. В VIII веке этот регион стала ареной борьбы за влияние между Арабской, Тибетской и Танской империями. Но в конечном итоге никому из них не удалось установить здесь свое господство. Центральная Азия и Восточный Туркестан находились под единой политической властью, созданной коренными тюркскими народами, как в раннюю гуннскую и тюркскую эпоху, так и в средневековую эпоху Караханидского, Кара-Киданского, Чагатайского ханств и Могулстана. Поэтому и географически, и исторически он был неотъемлемой частью всей Средней Азии или всего Турана.

Основное внимание в статье уделяется межрегиональным отношениям в период государства Караханидов. В статье рассматривается внешняя политика новообразованного государства

Караханидов в долинах рек Шу и Талас в середине IX века, сложившаяся в результате взаимодействия древних уйгурских (огузских) племен, переселившихся из Центральной Монголии, и местных племен карлуков и ягма. Затем подчеркивается историческое место Кашгара как одной из двух столиц государства Караханидов. Анализируется история развития и процветания Восточного Туркестана в составе государства караханидов, распространение ислама, а также процесс тюркизации всего Иеты-шахара. Это доказывает, что в эпоху государства Караханидов Восточный Туркестан входил в его составную часть. Такой вывод в корне меняет устоявшиеся ранее историографические взгляды.

В статье также анализируются политические, экономические и этнические условия в Средней Азии и Восточном Туркестане во времена Чагатайского ханства и Империи Великих Моголов. Борьба за власть между династиями Угедея и Чагатая, а также рост влияния местной дулатской знати во внутренних районах ханства способствовали расширению границ государства на восток и юг. В результате восточная граница Моголстана достигла Великой Китайской стены. А такие крупные владения, как Кашгар, Котан, Жаркент, Аксу, Кусан, стали внутренними регионами государства. На основании этих фактов автор доказывает, что Восточный Туркестан также входил в состав Чагатайского улуса и Могольского государства, которое в этот период расширилось по всей Средней Азии.

Ключевые слова. Центральная Азия, Восточный Туркестан, историческая география, взаимосвязь, средневека, эпоха Караханидов, эпоха Кара-киданей, Чагатайский улус, Монголстан, исторические связи, административная территория, налоговая политика, единое управление.

T.Z. Kaiyrken

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Several Views on the Common History of Medieval Central Asia and East Turkestan

Abstract. The article examines the historical and geographical connections of Central Asia and East Turkestan in the Middle Ages. It is known that these two regions have played a special role in the spiritual, cultural and economic relations between the West and the East since ancient times. The ancient Silk Road first crossed this region in the past, and then continued to the east and west. At one time, the geopolitical importance of the region also increased due to the influence of the Silk Road. In the 8th century, this region became an arena for the struggle for influence between the Arab, Tibetan and Tang empires. But ultimately, none of them managed to establish their dominance here. Central Asia and East Turkestan were under a single political authority created by the indigenous Turkic peoples, both in the early Hunnic and Turkic eras, and in the medieval era of the Karakhanid, Kara-Khitan, Chagatai khanates and Moghulstan. Therefore, both geographically and historically, it was an integral part of all of Central Asia or all of Turan.

The article focuses on interregional relations during the Karakhanid state. The article examines the foreign policy of the newly formed Karakhanid state in the valleys of the Shu and Talas rivers in the middle of the 9th century, which developed as a result of the interaction of the ancient Uyghur (Oguz) tribes who migrated from Central Mongolia and the local Karluk and Yagma tribes. Then, the historical place of Kashgar as one of the two capitals of the Karakhanid state is emphasized. The history of the

development and prosperity of East Turkestan as part of the Karakhanid state, the spread of Islam, and the process of Turkification of the entire Yeti-Shahar are analyzed. This proves that during the era of the Karakhanid state, East Turkestan was part of it. This conclusion radically changes the previously established historiographic views.

The article also analyzes the political, economic and ethnic conditions in Central Asia and East Turkestan during the Chagatai Khanate and the Mughal Empire. The struggle for power between the dynasties of Ogedei and Chagatai, as well as the growing influence of the local Dulut nobility in the interior of the khanate contributed to the expansion of the state's borders to the east and south. As a result, the eastern border of Mogolstan reached the Great Wall of China. And such large possessions as Kashgar, Kotan, Zharkent, Aksu, Kusan became internal regions of the state. Based on these facts, the author proves that East Turkestan was also part of the Chagatai ulus and the Mogul state, which was expanding throughout Central Asia during this period.

Keywords: Central Asia, East Turkestan, historical geography, interconnection, Middle Ages, Karakhanid era, Kara-Khitans era, Chagatai ulus, Mongolstan, historical connections, administrative territory, tax policy, unified administration.

References

1. Bernard Lewis. The Emergence of Modern Turkey. 2nd Edition (Oxford university press, London, 1968, 544 p.).
2. Kelimbetov N. Türk halklarının Ortak Edebi Eserleri [Common Literary Works of the Turkic Peoples]. Translated by A. Kara (Istanbul, 2010, 388 p.). [in Turkish]
3. Bartol'd V.V. Turkestan v epokhu mongol'skogo nashestviya [Turkestan in the era of the Mongol invasion], Sochineniye [Work.] (Nauka, Moscow, 1963, 315 p.). [in Russian]
4. East Turkistan to the twelfth century: a brief political survey (The Hague: Mouton, London, 1964, 104 p.).
5. Davidovich Ye.A. Numizmaticheskie zametki (Karakhanidy, Chingiz-khan, Sheibanidy) [Numismatic notes (Karakhanids, Genghis Khan, Sheibanids)], Izvestiya OON AN Tadzh SSR [News of the UN An Taj SSR], 3, 70-71 (1968). [in Russian]
6. Al-Manini. Sharh al-yamini al-mussama bi-l-fath al-wahbi ala tarikh Abu Nasr al-Utbi. II. (Cairo, 1898, 220 p.). [in Arabic]
7. Bretschneider E. Mediaeval Researches From Eastern Asiatic Sources. Vol. 1. (Routledge, Kegan Paul, London, 1967, 253 p.).
8. Grousset R. Empire of the Steppes-History of Central Asia. (New Jersey, 1970, 715 p.).
9. Kazakhstan tarikh. Kone zamannan buginge deyin [History of Kazakhstan. From ancient times to the present day]. Vol. I. (Atamura, Almaty, 2010, 541 p.).
10. Su Beihai. Kazaktyn zhalpy tarikh. Erte zamannan XX gasyrdyn algashky zhartysyna deyin. Kazak ultynyn damuy. II t. Awd. T.Z. Kaiyrken [General history of the Kazakh people. From early times to the first half of the 20th century. Development of the Kazakh nation. Volume II. Translation by T.Z. Kaiyrken] (Asyl kitap, Almaty, 2019, 744 p.). [in Kazakh]
11. Dzhuveini A.M. 志费尼著, 何高济译. Tarikh i Dzhakan kucha 世界征服者史 [History of the World Conqueror], I, 上册. Kokhot. 内蒙古人民出版社. 1981, 418 p. [in Chinese]
12. Bartol'd V.V. Sochineniya (Raboty po istorii i filologii tyurkskikh i mongol'skikh narodov). [Works (Works on the history and philology of the Turkic and Mongolian peoples)]. Vol V. (Moscow, 1968, 544 p.). [in Russian]

13. The Encyclopedia of Islam. New edition. IV. (Brill, Leiden, 1976, 581 p.).
14. Ibn al-Ashir. Polnyi svod istorii. Versiya S. Tornberg [Complete History. version by S. Thornberg], Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii [Materials on the history of the Kyrgyz and Kyrgyzstan], I, 69 (1973). [in Russian]
15. Deng Ruiling. Xī liáo jiāngyù qiǎn shì [A Brief Explanation of the Territory of Western Liao], Míngzú yánjiū [National Studies], 2, 86-98 (1980). [in Chinese]
16. Cen Zhongmian. Xī liáo shǐshū suǒ jiàn [What we see in the history books of Western Liao], Jīnlíng xuébào [Journal of Jinling University], 4, 27, 106-121 (1935). [in Chinese]
17. Zhao Lisheng. Xī liáo shǐ xīn zhèng [New Evidence on the History of Western Liao], Shèhuì kēxué zhànxiàn [Social Science Front], 4, 21-32 (1978). [in Chinese]
18. Bartol'd V.V. Sochineniya (Works). Volume 2. Part 2. Raboty po otdel'nym problemam istorii Sredney Azii [Works on individual problems of the history of Central Asia] (Moscow, 1964, 51 p.). [in Russian]
19. Wittfogel K.A. Feng Jiasheng. History of Chinese Society – Liao. (Philadelphia, 1949, 666 p.).
20. Allsen, Thomas T. "The Yuan Dynasty and the Uighurs of Turfan in the 13th Century." In China among Equals: The Middle Kingdom and Its Neighbors, 10th-14th Centuries, ed. Morris Rossabi. (University of California Press, Berkeley, 1983, 249 p.).
21. Bartol'd V.V. Zhao Lisheng, trans. Ménggǔ Chá hé tái hàn guó jiǎn shǐ [A Brief History of the Mongol Chagatai Khanate], Qī hé shǐ [History of the Seven Rivers] 72, 58 (1974). [in Chinese]
22. Wang Zhilai. Zhōng yà tōngshǐ. Gǔdài bùfèn [General History of Central Asia. Ancient Part]. Volume 2. (Urumchi, 2004, 577 p.). [in Chinese]
23. Kazakhstan tarikhy. Kone zamannan buginge deyin [History of Kazakhstan. From ancient times to the present day]. Volume II. (Atamura, Almaty, 2010, 637 p.). [in Kazakh]
24. Mirza Mukhammad Haidar Dulati. Tarih-i Rashidi [Tarikh-i Rashidi]. Perevod s persidskogo A. Urunbaeva, R.P. Dzhililovoi, L.M. Epifanovoi [Translated from Persian by A. Urunbayev, R.P. Jalilova, L.M. Epifanova]. (Tashkent, 1996, 26 p.). [in Russian]
25. Akimushkin O.F. Khranologiya pravitelei vostochnoi chasti chagataiskogo ulusa [Chronology of the rulers of the eastern part of the Chagatai ulus], Vostochnyi Turkestan i Srednyaya Aziya [Eastern Turkestan and Central Asia], 156-157 (1984). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Қайыркен Т.З. – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Кайыркен Т.З. – доктор исторических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Kayirken T.Z. – Doctor of Historical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).